



Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарға арналған консультациялық пункт туралы ереже

1. Жалпы ережелер

Ереже мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға педагогикалық көмек көрсету бойынша консультациялық пункт (*бұдан әрі — КП*) құру және оның қызметінің тәртібін айқындайды.

Консультациялық пункт мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымда (*бұдан әрі — МДҰ*) құрылады. МДҰ консультациялық пунктiнiң отбасымен тiкелей жұмыс жүргізетiн мамандары: меңгерушi, логопед-мұғалiм, педагог-психолог, тәрбиешiлер, мейiрбике және музыкалық жетекшi.

МДҰ консультациялық пунктiнiң қызметi мектепке дейiнгi ұйымның педагогикалық кеңесiнде бекiтiлетiн осы Ережемен реттеледi.

Ереже төмендегi құжаттарға сәйкес әзiрлендi:

1.1. «Бiлiм туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шiлдедегi № 319 Заңы. [Бiлiм туралы - «Әдiлет» АҚЖ \(zan.kz\)](#);

1.2. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N345 Заңы. [Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы - «Әдiлет» АҚЖ \(zan.kz\)](#);

1.3. «Кемтар балаларды әлеуметтiк және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» [Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шiлдедегi N 343 Заңы.](#)

1.4. «Мектепке дейiнгi тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделiн бекiту туралы» [Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.](#)

1.5. «Қазақстан Республикасында мектепке дейiнгi, орта, техникалық және кәсiптiк бiлiм берудi дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекiту туралы» [Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы](#)

1.6. «Тиiстi типтердегi және түрлердегi мектепке дейiнгi, орта, техникалық және кәсiптiк, орта бiлiмнен кейiнгi, қосымша бiлiм беру ұйымдары қызметiнiң үлгiлiк қағидаларын бекiту туралы» [Қазақстан Республикасы](#)

[Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.](#)

1.7. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» [Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы.](#)

1.8. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы.

2. Консультациялық пункттің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Консультациялық пункт құрудың негізгі мақсаттары:

- балалары мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау;
- мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- мектепке қабылдану кезінде МДҰ бармайтын балалардың бастапқы мүмкіндіктерін теңестіру;

- отбасылық және мектепке дейінгі тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету;

- мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) педагогикалық құзыреттілігін арттыру;

- мектепке дейінгі ұйымдарға баратын және бармайтын балалардың жеке тұлғасы жан-жақты дамуын қолдау.

2.2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) балалардың дамуына қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге жан-жақты көмек көрсету;

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқытудың түрлі мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;

- МДҰ бармайтын мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіруге көмек көрсету;

- ата-аналарды заманауи ақпараттық технологиялармен таныстыру.

3. Бағдарламаны жүзеге асыру механизмі

3.1. Консультациялық пункт қажетті санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы жағдайлар болған кезде, өрт қауіпсіздігі, кадрлық қамтамасыз ету қағидалары, қажетті бағдарламалық-әдістемелік материалдар сақталған кезде мектепке дейінгі ұйым базасында меңгерушінің бұйрығымен ашылады.

3.2. Консультациялық пункт мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) үшін құрылады.

3.3. Консультациялық пункттің қызметі мектепке дейінгі ұйымның үй-жайында жүзеге асырылады.

3.4. МДҰ мамандары, педагогтері және медициналық қызметкерлері ата-аналарға (заңды өкілдерге) көмек көрсетеді.

3.5. Мектепке дейінгі ұйымның сайтында қызметті электронды түрде алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін бөлім құрылады (көмек көрсету туралы ақпарат, өтініш түрлері және басқа да қажетті ақпарат).

3.6. Консультациялық пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) көмек мынадай негізде беріледі:

- ата-аналардың бірінің (заңды өкілдерінің) жазбаша өтініші;

- ата-аналардың бірінің (заңды өкілдерінің) телефон арқылы өтініші.

3.7. Егер көмек көрсетуге 15 минуттан аспайтын уақыт қажет болса, ол телефон арқылы көрсетіледі және ата-аналардың (заңды өкілдердің) консультациялық пунктте өтініштерді есепке алу журналында тіркеледі. Жауап беруге ұзақ уақытты талап ететін мәселемен жүгінген кезде көмек көрсету үшін жеке қабылдау уақыты мен орны тағайындалады және консультациялық пунктте өтініштерді есепке алу журналында тіркеледі.

3.8. Ата-аналардың бірінің (заңды өкілдерінің) консультациялық пункт мамандарына қабылдауға жеке өтініші үшін алдын ала жазылу азаматтардың консультациялық пунктке телефон шалуы немесе жеке өтініші бойынша жүргізіледі.

3.9. Жеке өзі жүгінген кезде әңгімелесу жүргізіледі, оның барысында балаға және (немесе) ата-анаға (заңды өкілге) қажетті көмек түрі айқындалады, оның көрсетілген уақыты мен орны тағайындалады және консультациялық пунктте өтініштерді есепке алу журналында көрсетіледі.

3.10. Балалармен өзара әрекеттесудің жеке нысандары ата-аналардың (заңды өкілдердің) қатысуымен жүргізіледі.

4. Консультациялық пункттің тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру

4.1. Консультациялық пункттің білім беру қызметі осы Ережеге сәйкес ұйымдастырылады.

4.2. Консультациялық орталықта ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық және әдістемелік көмекті ұйымдастыру МДҰ мамандарының: медбике, логопед-мұғалім, педагог-психолог, музыкалық жетекші қызметінің интеграциясы негізінде құрылады. Мамандар өз қызметін ата-аналардың сауалнамаларынан және баланың жеке даму карталарынан (диагностика нәтижелері) алынған ақпаратқа сүйене отырып жоспарлайды. Әдіскер балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша кеңес береді, ата-аналарға баланың танымдық және физикалық

дамуы үшін ойындар мен жаттығуларды таңдауға көмектеседі. Меңгеруші баланы мектепке дейінгі ұйымға тіркеуге жәрдемдеседі, нормативтік құқықтық құжаттармен таныстырады, тамақ үшін ақы төлеуге жеңілдіктерді ресімдеу бойынша ұсыныстар береді және кез келген даулы мәселелерді шешуге көмектеседі.

4.3. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады.

4.4. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) білім беру мәселелерінде сауаттылықты арттыру, педагогикалық және арнайы білім саласындағы ұсыныстарды кеңейту жөнінде консультациялар өткізу әртүрлі нысандарда: жеке, топтық түрде жүргізіледі.

5. Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру қағидағтары

5.1. Құпиялылық принципі:

-баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата-анасының келісімінсіз жария етілмейді;

-кешенділік принципі: бала және оның отбасымен жұмысты әртүрлі профилдегі мамандар тобы жүзеге асырады;

-ғылымилық принципі: білім беру ұйымдары ұсынатын ақпарат сенімді және ғылыми негізге ие болуы керек;

-қолжетімділік принципі: ата-аналарға арналған барлық ақпарат қолжетімді түрде беріледі.

6. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастырудың негізгі нысандары

6.1. Жеке және кіші топтарға арналған кеңестер: ата-аналармен жеке кездесулер, онда баланың дамуы мен тәрбиесіне қатысты нақты мәселелер талқыланады. Кіші топтарға арналған кеңестер ата-аналардың шағын тобымен жалпы мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді.

6.2. Онлайн-консультациялар: қашықтан консультациялар өткізу, бұл уақыты немесе іс-шараларға жеке қатысу мүмкіндігі шектеулі ата-аналар үшін ыңғайлы.

6.3. Жеке ойын сабақтары: жеке кездесулер, оның барысында балабақша мамандары баланың нақты дағдыларын дамытуға бағытталған ойындар өткізеді (сөйлеу белсенділігі, ұсақ моторика, әлеуметтік дағдылар).

6.4. Шағын топтық сессиялар: шағын топтарда (2-3 бала) ҰІӨ өткізу, онда балалар педагогпен бірге ойындар мен практикалық тапсырмалар арқылы жаңа тақырыптарды меңгереді. Бұл форма балаларға бір-бірімен қарым-қатынас жасауға және ұжымда оқуға мүмкіндік береді.

6.5. Онлайн-ойын сессиялары: балабақшаға өздері бара алмайтын балалармен қашықтан әңгімелесулер ұйымдастыру. Мұндай сессиялар барысында интерактивті білім беру ойындары мен тапсырмалар қолданылады.

6.6. Ата-аналар мен балаларға арналған ойын семинарлары: ата-аналар балалармен бірге қатысатын сессиялар, олар үйде қолдануға болатын жаңа ойын әдістері мен тәсілдерін үйренеді. Бұл ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтады және баланың дамуына ықпал етеді.

6.7. Шығармашылық шеберлік сағаттары: балалар ұсақ моториканы, қиялды және шығармашылық ойлауды дамытатын шығармашылықтың әртүрлі түрлері бойынша (мүсіндеу, сурет салу, жапсырма) шеберлік сағаттарын өткізу.

6.8. Тақырыптық ойын бөлмелері: балалар әртүрлі мамандықтар мен мәдениеттер әлеміне еніп, қоршаған әлемге деген қызығушылықты және оны түсінуді дамыта алатын тақырыптық ойын бұрыштарын құру.

6.9. Балаларға арналған тренингтік сабақтар: қарым-қатынас дағдылары, жанжалдарды шешу, командада жұмыс істей білу сияқты белгілі бір дағдыларды дамытуға бағытталған тренингтер өткізу.

7. Консультациялық пункттің құжаттамасы

7.1. Консультациялық пункттің қызметін қамтамасыз ету үшін мынадай құжаттама жүргізіледі:

- Консультациялық пункт туралы ереже;
- Консультациялық пункт ашу туралы бұйрық;
- Консультациялық пункт жұмысының перспективалық жоспары;
- Ата-аналардың (заңды өкілдердің) консультацияға алдын ала жазылу журналы;
- Консультациялық пункттің жұмыс кестесі;
- Ата-ана (заңды өкіл) мен МДҰ меңгерушісі арасындағы шарт.

7.2. КП жұмысының тиімділігі қаралған өтініштердің санымен және ата-аналардың пікірлерімен анықталады.

8. Құқықтар және жауапкершілік

Ата-аналардың құқықтары:

8.1. Бала тәрбиесі, балалардың психофизикалық дамуы, балалардың жеке мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайы бойынша ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыруға, білікті консультациялық көмек алуға.

8.2. Өз пікірін айтуға және балаларды тәрбиелеу тәжірибесімен алмасуға.

Мектепке дейінгі ұйымның құқығы бар:

8.3. Ата-аналардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, консультациялық орталықтың жұмыс жоспарына түзетулер енгізуге.

8.4. Ата-аналарға білікті консультациялық және практикалық көмек көрсетуге.

8.5. Халық тарапынан осы қызметке өтініштердің жоқтығына байланысты консультациялық орталықтың қызметін тоқтатуға.

8.6. Орталық мамандары жауапты:

-балалардың отбасылық білім беру нысанында мектепке дейінгі білім алуын қамтамасыз ететін ата-аналарға (заңды өкілдеріне) жан-жақты және уақтылы көмек көрсету (осы Ереже шеңберінде);

-ата-аналарға (заңды өкілдеріне) ерте жастағы балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;

-ерте жастағы балаларды дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдеріне) диагностикалық көмек көрсету.

9. Консультациялық пункттің қызметін бақылау

9.1. Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Консультациялық пункттің жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

9.2. Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі:

-балалар және ата-аналармен консультациялық жұмыс жүргізу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді;

-консультативтік-түзету жұмыстары үшін педагогтерді тандайды;

-мектепке дейінгі ұйым мамандарының функционалдық міндеттері мен жұмыс режимін анықтайды;

-консультациялық пункттің жұмыс кестесі туралы халықты қосымша хабардар етуді қамтамасыз етеді.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Осы Ереже МДҰ меңгерушісінің бұйрығы шыққан сәттен бастап күшіне енеді.

10.2. Ереженің қолданылу мерзімі шектелмеген. Жаңасы қабылданғанға дейін осы Ереже қолданылады.